

ӘӨЖ 340.1
FTAMP 10.07.01

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАНЫҢ КЕЙБІР ТҰЖЫРЫМДЫҚ ТЕРМИНДЕРІН НАҚТЫЛАУ ТУРАЛЫ

Нұрзада Маханбетұлы Примашев

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран-Астана» университетінің
Жоғары құқық және гуманитарлық ғылымдар мектебі «Ұлттық және халықаралық
құқық» кафедрасының доценті; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: nurzadaprim@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>

Анотация. Қолданыстағы заңнама мәтінінің қазақ тіліндегі нұсқасында көптеген қателер орын алып отырғаны белгілі. Олардың ауқымы кең, саны да көп, бірақ үлгі ретінде тұжырымды деп санауға болатын екі мысал ғана таңдап алынды. Практикалық тұрғыдан ол қателерді зерделеу оларды жіберудің бірнеше себебін ашуға мүмкіндік береді. Біріншіден, заңнаманың қазақ тіліндегі мәтінінің аударма сипатында болуына байланысты өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бері жинақталып келе жатқан лексикалық қордың динамикасына, аудармашы мамандардың субъективтік рөліне, жаһандану мен озық ақпараттық-технологиялық процестерге бой ұсынуы және т.с.с. себептер бойынша объективті өзгеруі. Екіншіден, әзірлеуші мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңнаманың заң жобаларын әзірлеуге қойылатын талаптарын өрескел бұзуы. Үшінші негіз ретінде әзірлеуші мемлекеттік органдардың заң жобаларының мәтінін басым түрде компьютерлік бағдарламалармен аударуды келтіруге болады. Сондықтан соңғы кезде заң жобаларында кездесіп жатқан «махаббатзат немесе аналармен, қоса алғанда», «болсал импорттаушы», «ұсынбасаят-ся», «өтінішпенется» сияқты «аударма» нұсқалардың әзірлеуші мемлекеттік органдардың «АСА ШҰҒЫЛ!» не «ӨТЕ ШҰҒЫЛ!» деген тәртібі мен әкімшілік ресурстарды мейлінше қосу жағдайында заңдық күшке ие болып кетпейтініне ешкім кепілдік бере алмайды.

Осы мақаланың мақсаты заң шығару процесі мен құқықтық-лингвистикалық мониторингтің объектісі ретінде экономика, қаржы және заң салаларында кең қолданылатын қате аударылған тұжырымды терминдер мен ұғымдарды нақтылау, яғни күн тәртібіне жіберілген кемшіліктерді түзету мәселесін қою болып табылады.

Түйінді сөздер: заңнама, заңнама талаптарын бұзу, қате терминдер, нақтылау, ырықтандыру, резидент емес.

ОБ УТОЧНЕНИИ НЕКОТОРЫХ КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ТЕРМИНОВ ДЕЙСТВУЮЩЕГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Примашев Нурзада Маханбетович

Кандидат юридических наук, доцент, доцент кафедры «Национальное
и международное право» Высшей школы права и гуманитарных наук Университета
«Тұран-Астана»; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: nurzadaprim@mail.ru;
ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>

Аннотация. В тексте действующего законодательства на казахском языке допущено множество ошибок. Их диапазон и количество очень широки, но в качестве образцов выбраны только два примера. Изучение данных ошибок с этой точки зрения позволяет выявить несколько причин их допущения. Во-первых, это динамика лексического фонда, который начал формироваться с 90-х годов прошлого века из-за его переводного характера, субъективной роли специалистов-переводчиков, объективных изменений глобализационного характера и новейших информационно-технологических процессов и др. Во-вторых, грубое нарушение государственными органами-разработчиками требований действующего законодательства по разработке проектов законов. В качестве третьего основания можно привести практику перевода государственными органами-разработчиками проектов текстов проектов законов посредством компьютерных программ. В таких условиях и повсеместной попытки

«ускорения» экспертизы со стороны государственных органов-разработчиков проектов законов посредством не имеющего значения грифов «ВЕСЬМА СРОЧНО!» или «СРОЧНО!» и политики максимального подключения административных ресурсов, никто не может гарантировать того, что массово встречающиеся в последнее время в проектах законов такие «переводы», как «махаббатзат немесе аналармен, қоса алғанда», «болсал импорттаушы», «ұсынбасаютса», «өтінішпенетсе» и т.п. не обретут юридическую силу и перейдут в действующее законодательство.

Цель данной статьи состоит в том, чтобы поставить на повестку дня законодательного процесса и юридико-лингвистического мониторинга вопрос уточнения ошибочных концептуальных терминов и понятий, широко используемых в отраслях экономики, финансов и права.

Ключевые слова: законодательство, нарушение требований законодательства, неправильные термины, уточнение, либерализация, нерезидент.

ON CLARIFYING SOME CONCEPTUAL TERMS OF THE CURRENT LEGISLATION

Primashev Nurzada Makhanbetovich

*Candidate of Legal Sciences, Associate Professor, Associate Professor of the Department of National and International Law of the Higher School of Law and Humanities Turan-Astana university; Astana c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: nurzadaprim@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-9466-0101>*

Abstract. *There are many errors in the text of the current legislation in the Kazakh language. Their range and quantity are very wide, but only two examples have been selected as samples. Studying these errors from this point of view allows us to identify several reasons for their assumption. Firstly, it is the dynamics of the lexical fund, which began to form in the 90s of the last century due to its translational nature, the subjective role of translation specialists, objective changes in the globalization nature and the latest information technology processes, etc. Secondly, the gross violation by the state bodies-developers of the requirements of the current legislation on the development of draft laws. As a third reason, we can cite the practice of translation by government agencies-developers of draft texts of draft laws through computer programs. In such conditions, and the widespread attempt to «accelerate» the examination by government agencies-developers of draft laws through the irrelevant labels «VERY URGENT!» (ВЕСЬМА СРОЧНО!) or «URGENT!» (СРОЧНО!) in cover letters and the policy of maximum involvement of administrative resources, no one can guarantee that such «translations» as «махаббатзат немесе аналармен, қоса алғанда», «болсал импорттаушы», «ұсынбасаютса», «өтінішпенетсе» etc., encountered recently in draft laws will not get into the current legislation.*

The purpose of this article is to put on the agenda of the legislative process and legal and linguistic monitoring the issue of clarifying erroneous conceptual terms and concepts widely used in the fields of economics, finance and law.

Keywords: *legislation, violation of legal requirements, incorrect terms, liberalization, non-resident.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_1_274

Кіріспе

Заң шығару процесінде белгілі қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормаларды қалыптастыруда құқықтық институттармен бірге тілдік институттар да міндетті түрде ескеріледі. Олардың ішінде жалпы ғылыммен бірге дамытын терминдер де ерекше рөл атқарады [1, 69-б.].

Қазіргі кезде Қазақстанда заң тілін теориялық та, практикалық жағынан да қалыптастыру жүріп жатыр. Бірақ соған қарамастан

қолданыстағы заңнамада сан жетпес қате орын алып келеді. Оларды анықтау мен тиісінше дұрыс түзету қоғам мен мемлекеттің міндеті ғана емес, құқығы деп те айтуға болады, өйткені тіл тек халыққа ғана тиесілі.

Қолданыстағы заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасының аударма сипатында қалып отырғаны мемлекеттік басқару, заң шығару, халықаралық қатынас және т.с.с. маңызды салалармен қатар қарапайым халық үшін де теріс салдар туғызады. Түрлі себептерге

байланысты қате аударылған заңнаманың тұтынушылар тарапынан (кейде өзге мемлекеттік органдар тарапынан да) наразылық туғызып жататыны БАҚ беттерінен түспей келеді. Мұндай жағдайда мемлекеттік билік органдарымен қатар қоғамға да қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін қамтамасыз ету міндетінің жүктелетіні белгілі.

Кез келген мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды ғылыми қолдаудың да маңызы зор. Ғылымды негізге алмай, заңнаманың аудармасы мен қазақ тіліндегі заң тілінің (осындай ресми тавтология!) сапасын арттыру мүмкін емес. Заңнаманы сапалы аударуда тілдік құралдармен қатар аудармашылардың біліктілігі де маңызды рөл атқарады. Бірақ практикада, кейбір жағдайларда аталған екі құрамның да тығырыққа тірелетін жағдайы кездесіп тұрады. Мәселен, қолданыстағы заңнамадағы «осуществить» және «реализация», «государственная тайна (секрет)», «усыновление (удочерение)» және т.с.с. сөздер мен тіркестер бірге қатар келгенде мәтіннің қате аударылуы әбден мүмкін. Осындай жағдайда, мәселен «осуществить реализацию»¹ деген тіркес міндетті түрде қате не мүлдем түсініксіз «іске асыруды жүзеге асыру»² деген балама шығады. Заңнамадан мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сонымен бірге мамандардың біріздендіруге қанша тырысқанына қарамастан көп жағдайларда терминдер мен ұғымдардың мәнмәтінге қарай өзгеріп отыратынын да естен шығармау қажет.

Осындай тілдік түсініксіздік жағдайында және ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында жаңа заң немесе халықаралық шарт жобаларының лексикасына талдау жасаумен бірге, қолданыстағы заңнаманың лексикасына да назар салу заң шығарушы мен құқық тұтынушының басты міндеті деуге болады.

Әдістер

Мақалаға негіз болған мысалдар ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу, қажетті материалдарды зерделеу барысында анықталған кемшіліктерді талдау, оның

ішінде ғылыми лингвистикалық сараптама тәсілдерін қолдану, талдаудың ғылыми әдістері, жалпы шолу және салыстыру сияқты ғылыми әдістер негізінде таңдап алынды.

Негізгі бөлім (талқылаулар мен нәтижелер)

Тіл жанды құбылыс ретінде үнемі қозғалыста болатыны баршаға белгілі. Сондықтан оның құрылым бірлігі – сөздің қоғамдық өмірдің тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-практикалық және т.с.с. аспектілеріне тікелей тәуелді динамикасына орай өзгеріп отыруы да объективті құбылыс. Осыдан келіп қоғам мен мемлекеттің кезеңдік лексикасының да қалыптасып, толығып, өзгеріп, кейде кейбіреулерінің архаизмге айналуы да заңды болып шығады. Мәселен, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында қолданылынған кейбір сөздер мен сөз орамдары қазіргі уақытта айналымнан мүлдем шығып қалды. Қолданыстағы заңнамада «заң қалыптары»³, «нормативтік құқықтық кесім» және т.с.с. баламалар қолданылмайды. Аталған ұғымдар 2010 жылдарға дейін белсенді айналымда болды. Мәселен, «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеу алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы N 430 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 14 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді (ерекше көрсеткен мен. – Н.П.) мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5356 болып енгізілді». Дегенмен де аталған ұғымдар нормативтік актілерді шығару процесі мен деректер базасында қызметтік сипатта әлі де қолданылады. Мәселен, «Б» корпусы Төлеби аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Төлеби аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 25/139-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы» Түркістан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14

¹ Правила проведения конкурса (аукциона) по выбору концессионера. Утв. приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 157 // ИПС «Әділет» (дата обращения: 20.09.2024).

² Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты (аукционды) өткізу қағидалары : «Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 157 бұйрығымен бекітілген // «Әділет» АҚЖ (жүгінген күні: 20.09.2024).

³ Қолданыстағы 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін қоспағанда. Оның 6-бабының 1-тармағына сәйкес «Азаматтық заң қалыптары оларда айтылған сөздердің дәлме-дәл мәніне сәйкес түсінілуге тиіс» (Қараңыз: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>).

тамыздағы № 15/84-VIII шешімінде «Төлеби аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №25/139-VI «Б» корпусы Төлеби аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттің тіркеу тізілімінде 4595 нөмірмен тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын» делінген⁴.

Ұлттық терминдер корпусын қалыптастыру процесінде оңтайлы аударылып не кейде шығу тегі жасанды, бірақ халық тарапынан кең қолдау тапқан біршама ұтымды терминдер мен ұғымдар пайда болды. Мәселен, «заңнама» термині. Қазіргі ұлттық құқықтық жүйені бұл ұғымсыз институциялау мүмкін емес.

Тіл саласындағы кемшіліктердің заң саласына тікелей әсер ететіні белгілі. Оған қоса мамандар мен халық тарапынан айтылып жүрген «заң жобалау жұмысында терминдерді қолдануда да бірізділік жоқ», - деген пікір де орынды. Практикада кейбір қате терминдер мен ұғымдардың сол қалпында кең қолданылуы да күмән туғызады [2, 171-6]. Қолданыстағы заңнамада, тіпті мамандарға да, халыққа да қатесі белгілі терминдер мен ұғымдар көп кездеседі.

Қазақ тіліндегі заңнаманы қалыптастыруда ескерілуге тиіс тағы бір жайт бар. Ол – қазақ тілі құрамының алыс және жақын шет елдерден Қазақстанға оралған адамдардың – оралмандардың⁵ түрлі географиялық және әлеуметтік-экономикалық ортада қалыптасуы сияқты факторлардың әсерінен түрлі өзгерістерге ұшырауы. Олардың арасында, мәселе, «ғаламтор», «тінтуір» сияқты терминдер қолданысқа еніп кетті. Дегенмен де ғылыми әдебиетте зерттеуші ғалымдардың оралмандардың қазақ тіліне салдар туғызатын тіл ерекшеліктеріне назар аудартады. Мәселен, Г.Н. Смағұлова «Қытай қазақтары тілінде ханзу тілінің басымдығы кірме сөздер қатарының орынды-орынсыз қолданысқа ие болуы тіл тазалығы мен сөз және сөйлеу мәдениетінің орасан өзгерістерге түсуі белең алып бара жатқаны байқалады»

деп жазады [3]. Осындай алаңдаушылық М.А. Абдулханованың [4], Г.Ә. Омарбекованың [5] еңбектерінен де көрінеді.

Ал «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады. Заңның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс⁶. Оған қоса заңның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс. Осындай жоғары талаптар заң тілінің халыққа түсінікті, яғни қолжетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңда⁷ да халықаралық шарттар мәтіндеріне қойылатын талаптар бекітілген. Осы мақалада көрсетілген қолданыстағы заңнамада орын алып отырған қате аударылған, бірақ соған қарамастан кең қолданылып жүрген кейбір терминдер мен ұғымдар заңнамада тілдік, оның ішінде лексикалық талаптардың сақталмай отырғанын көрсетеді.

Оларға қоса заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасында баламасы табылған, бір жағынан дау тудырмайды деген терминдер мен ұғымдар бойынша да проблема жеткілікті. Мәселен, Конституцияның 18-бабының 3-тармағындағы «лауазымды адам» және 40-бабының 1-тармағындағы «лауазымды тұлға» деген ұғымдардың орыс тіліндегі нұсқасы «должностное лицо». Аталған ұғымдардың қандай мәнмәтінде қандай мағына беретінін білу заң шығарушыға да, құқықты тұтынушыға да маңызды.

Мақалада көрсетілген мысалдар экономика, қаржы және олармен сабақтас салаларда кезінде дұрыс аударылмаса да, «жоғынан бары» ұстанымының арқасында қолданылып жүрген «ырықтандыру» және «бейрезидент», яғни «либерализация» және «нерезидент» терминдерінің баламасы ретінде алынып жүрген нұсқалар болып табылады (бұл жерде тарих саласында қолданылатын «либералдандыру» деген балама

⁴ «Әділет» АҚЖ-дағы редакциясы сақталған (жүзінген күні: 20.09.2024). Оның қателерін қарастыру мақаланың мақсатына жатпайды.

⁵ 2022 жылы «Қандас» терминіне ауыстырылған. Шет елдерден Қазақстан Республикасына оралып жатқан этникалық қазақтарды «Қандас» деп атау биологиялық белгілер бойынша айқындалған, ал олардың мәртебесін толық аша алатын құқықтық термин – «оралман». Мақала авторы осы құқықтық ұстанымды дұрыс деп санайды

⁶ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ (жүзінген күні: 20.09.2024).

⁷ «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ (жүзінген күні: 20.09.2024).

есепке алынбайды). Олардың тақырыпқа сәйкес күрделілігі теориялық [6, 19-21-б.] табиғатынан гөрі практикада қолданумен айқындалады.

Бірінші мысалға қатысты «Уикипедия» деген әмбебап интернет энциклопедиясының қазақ тіліндегі контентіндегі «Ырықтандыру (либерализация) – азаматтық, саяси, экономикалық бостандық принциптерін насихаттауға негізделген қоғамдық-әлеуметтік көзқарас» деген анықтама өте дұрыс деп саналады. Әрине, «ырықтандыру» деген сөзден басқасы, өйткені бұл анықтамадағы негізгі ой «экономикалық бостандық» деген тіркесте жатыр. Негізгі ой кез келген бағытты, саланы, бағаны және т.с.с. еркіндікке жіберуге түседі. Оның мақсаты көрсетілген құрылым бірліктерін жасанды реттеудің орнына табиғи не салалық заңдылықтар арқылы өздігінен реттелуіне кедергі жасамау болып табылады.

Етістік есебінде бұл сөздің белгілі бір іс-қимылды білдіретіні анық. Алайда, кезінде аударма жасалғанда, ол ұғымның табиғаты зерделенбеген сияқты. Мәселен, қазақ тілінде «ырқына алу, көндіру» деген сөздер бар. Тіпті заң терминдерінің арасында «ырқына көну, бой ұсыну / Повиновение», яғни біреудің айтқанына, ісіне, көрсеткеніне және т.с.с. бағыну деген ұғым да бар. Яғни кез келген субстанцияның не құбылыстың белгілі бір субъектіге, құбылысқа, заңдылыққа бағынуы, көнуі деп те айтуға болады.

Интернет желісінде «Ырық. Өз қалауы, еркі, ыңғайы. Ырық бермеді – айтқанына, ыңғайына жүрмеді. Ырыққа көнбеді – біреудің дегеніне жүрмеді» деген түсініктемелік ұғымдар келтірілген⁸.

Заң шығару процесінде қолданылып жүрген басым түрде «ырықтандыру / либерализация» деген нұсқа келтірілген Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде «ырық бермес күштің әсері / действие непреодолимой силы» деген балама да бар [7, 201-б.]. Бұл да жоғарыдағы позицияны нақтылай түседі. Яғни онда не болса да біреудің дегеніне көнбейтіні туралы айтылады. Мәселен, табиғи апаттар ешкімнің ырқына көнбес. Сол сияқты экономиканың адамның да, биліктің де дегеніне назар аудармайтын өз заңдылықтары бар. Мәселен, «Ұлттық банк базалық пайыздық мөлшерлемені тағы да жоғарылатып, жыл-

дық 16 пайызға көтерді. Инфляцияның ырық бермеуі осылай істеуге мәжбүрлеп отыр» деген ақпарат та осы позицияны нақтылай түседі [8].

Осы сияқты жағдаяттар туындағанда, мәселен, мемлекет басқаруға не дамытуға өз әлеуеті жетпеген кезде белгілі бір саланы немесе бағаны және т.с.с. еркіне қоя береді. Бұны «ырықтандыру» деп атауға мүлдем келмейді. Бұл – оған бір жүз сексен градус тұрғысындағы қарама қайшы нәрсе. Сондықтан оны «ырықсыздандыру»⁹ (кішкене психологиялық-соматикалық астары ескерілмегенде) немесе «ырықтан шығару» деген дұрыс. Бірінші нұсқа беделді Орфографиялық сөздікте де берілген.

Осы тұрғыдан алғанда, «либерализация» термині негізінен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын ратификациялау туралы заңдарында кездесетінін айта кеткен орынды. Мәселен, «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы» 2019 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2018 жылғы 17 мамырда Астанада жасалған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімнің 1.2-бабындағы «кедергілерді азайту немесе жою арқылы ырықтандыру» деген тіркесті ұғу және басшылыққа алу мүмкін емес. Ал оның «либерализация и упрощение ... посредством ... снижения или устранения ...» деген орыс тіліндегі нұсқасы өте орынды әрі дұрыс.

Зерттеу объектісінің бірі болып отырған «Ырықтандыру» ұғымы барлық дерлік сатыдағы нормативтік құқықтық актілерде кездеседі. Мәселен, «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығында «Жаһандық бәсекеге қабылеттілікті арттыру және тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту үшін бәсекелестікті ырықтандыру және

⁸ <http://kaz.slovoedia.com/146/53419/1529777.html> (жүзінген күні: 20.09.2024).

⁹ Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова, Ф. Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480-бет.

ынталандыру» деген қағидат бекітілген. Мұндайда бірден «табиғи бәселестікті қалай ырықтандыруға болады?», - деген сұрақ туындайды.

Зандық күші бойынша одан төмен тұратын ҚР Үкіметінің қаулыларында да осы ұғым кең қолданылады. «Мәселен, «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысында «Визалық саясатты одан әрі ырықтандыру» сияқты тіркестер мен ұғымдар бар.

Өз кезегінде орталық атқарушы органдар басшыларының нормативтік сипаттағы бұйрықтары да осы ұғымды қамтиды. Мәселен, «Қазақстан Республикасының теміржол көлігін дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 224 бұйрығы сияқты ведомстволық заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде орын алып келеді. Дегенмен де осындай ауқымға қарамастан аталған ұғым орынсыз қолданылады деп санауға болады. Мәселен, «жүк тасымалдаушылар нарығын ырықтандыру»¹⁰ деген ұғым ақылға қонымсыз.

Жоғарыда келтірілген «либерализация» терминінің «ырықтандыру» деген баламасын алдағы уақытта реті келгенде, оның табиғатына сай келетін «ырықтан шығару» деп аударған орынды.

Келесі ортақ мағынасын таппаған, бірізділікке келтірілмеген күрделі терминнің бірі «нерезидент» ұғымының баламасы.

«Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында бұл термин «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері», «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы» деген тіркестер түрінде 534 рет қолданылынған. Ал, банк саласын реттейтін заңнамада ол «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдары)» деген нұсқаларда осы саланы реттеуде қолданылып келеді. Мәселен, көрсетілген заңның 3-бабында:

«8-1) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы – Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің ... бөлімшесі;

8-2) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы – Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ... бөлімшесі;» деген анықтамалық ұғымдар бар (орыс тіліндегі нұсқасы:

«8-1) филиал страхового брокера-нерезидента Республики Казахстан – обособленное подразделение страхового брокера-нерезидента Республики Казахстан ...»

«8-2) филиал страховой (перестраховочной) организации-нерезидента Республики Казахстан – обособленное подразделение страховой (перестраховочной) организации-нерезидента Республики Казахстан ...»).

Осыған ұқсас тіркестер «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (5 рет), «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында да кездеседі.

Мұндай ұғымдар 13 рет «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 наурыздағы № 492 Жарлығында да қолданылған.

Осындай қате ұғым ведомстволық және ведомствоаралық нормативтік құқықтық актілерде де қолданылған. Мәселен, «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақтауы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына және «Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын

¹⁰ Қолданыстағы мәтінде кімнің жібергені белгісіз «нарығын ырықтандыру» деген қатесі бар сөз қолданылған.

реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 63 қаулысында «Қазақстан Республикасының бейрезиденттері», «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері», «Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары» деген қате тіркес 32 рет берілген.

Аталған «нерезидент» ұғымының «резидент емес» деген баламасы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 48 қаулысында дұрыс қолданылған. Атап айтқанда «нерезидент-физическое лицо», «нерезидент-юридическое лицо» деген ұғымдар «бейрезидент-жеке тұлға» және «бейрезидент-заңды тұлға» деп орынды аударылған.

Ал осындай дұрыс баламаны «Қазақстан Республикасы» деген сөздермен ұштастырған кезде мүлдем қате ұғымның пайда болғанына ешкім назар аудармаған. Аталған ұғымның «Қазақстан Республикасы» деген ұғыммен тәуелделінуінің мүмкін еместігі ескерілмеген, өйткені шет елдік жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасына тиесілі болуы мүмкін емес. Сондықтан қолданыстағы заңнамада өте көп қолданылған «Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы», «Қазақстан Республикасының бейрезиденттері», «Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары», «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері» және т.с.с. табиғатта болмайтын ұғымдар пайда болған.

Ал, құқықтық жағынан да, тілдік жағынан да, тіпті саяси-экономикалық жағынан да нонсенс «Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері» деген қате ұғым Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде

Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы» қаулысында қолданылған¹¹. Аталған ұғым тіпті нормативтік құқықтық актінің атауында да кездеседі. Мәселен, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, өзара сақтандыру қоғамдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 97 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15 қаулысында да кездеседі (16 рет). Келтірілген мысалдар аталған қате ұғымның барлық деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерде тұрақты түрде қолданылатынын көрсетеді.

Қорытынды

Мақалада қарастырылған мысалдар бойынша жіберілген кемшіліктерді жою, яғни қате ұғымдарды қолдану практикасын тоқтату үшін «либерализация» терминінің «ырықсыздандыру/ырықтан шығару» және Республикалық терминологиялық комиссия 2022 жылы мақұлдаған «нерезидент» деген

¹¹ Мұндай ұғым осындай нормативтік құқықтық актілерде де бар. Мәселен, «Мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату қағидаларын және Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы №2 қаулысында (10 рет), «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету саласында банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 19 шілдедегі № 41 қаулысында қолданылған (71 рет).

терминнің «резидент емес» деген нұсқасын тиісті мәнмәтінде дұрыс пайдаланып, жоғарыда көрсетілген мысалдарды «Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы», «Қазақстан Республикасының резиденттері емес», «Қазақстан Республикасының резиденті емес банктер», «Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдар» деп түзету қажет.

Сонымен қатар кезінде түрлі құқықтық мәртебеде болған Терминологиялық комиссияның мақұлдауы мен бекітуіне, беделді тіл мамандары мен салалық мамандардың тұжырымдауына қарамастан терминдер қорында да біраз кемшіліктер орын алып отыр. Мәселен, «авиакомпания» ұғымының «әуе компаниясы»¹², «Әуекомпания»¹³ сияқты ба-

ламаларымен келісуге болмайды. Терминге әркімнің бар таласы дегендей, басқа да терминдермен қатар аталған терминді «авиакомпания» деп мақұлдау қажет, өйткені «әуе» мен «авиа» деген ұғымдардың арасы жер мен көктей. Өкінішке орай мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондықтан терминдер қорын қайта қарап, мәселе туындататын терминдер мен ұғымдарды тағы да нақтылау ұлттық заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасының сапасын арттырудың маңызды бір жолы болып табылады.

Осылайша зерделеу, зерттеу жұмыстарының арқасында анықталған қателерді түзетумен қатар қолданыстағы заңнама сапасын көтеріп, терминдік нақтылық пен бірізділікке де қол жеткізілетін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
2. Шыңғысбаева Д.М., Хамзина Н.А. Терминдерді қолдану: тиімділігі мен келеңсіздіктері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. - 2019. - № 2 (19). - 170-174 б.
3. Абдралиева Ж.Ж., Сагидулла А. Туыс емес тілдерде күрделі сөздердегі аудармалық трансформациялардың ерекшеліктері // <https://cyberleninka.ru/article/n/tuys-emes-tilderde-k-rdeli-s-zderdegi-audarmaly-transformatsiyalaryd-erekshelikteri> (жүзінген күні: 20.09.2024).
4. Смағұлова Г.Н. Диаспора мен оралмандардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері //ҚазҰУ Хабаршысы. - 2015. - №6 (158) // <https://articlekz.com/kk/article/23266> (жүзінген күні: 20.09.2024).
5. Абдулханова М.А. Тәжікстаннан келген қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер // Тілтаным. - 2017. - №2. - 64-69 б. // <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/323/156?locale>. (жүзінген күні: 20.09.2024).
6. Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б.
7. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (30 мыңнан астам термин мен тұрақты тіркестер). – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. - 483 б.
8. Аймағамбет А. Инфляция ырық бермей тұр // <https://egemen.kz/article/326700-inflyatsiya-uryq-bermey-tur> (жүзінген күні: 20.09.2024).
9. Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова, Ғ. Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.

REFERENCES

1. Qurbanbayuly Sh. Kazakh leksikasynyñ termindenui. – Almaty: Fylym, 1998. – 208 b.
2. Shyngysbaeva D.M., Hamzina N.A. Terminderdi qoldanu: tiimdiligi men keleñsizdikteri // Kazakstan Respublikasy Zañnama zhәне құқықтық ақпарат institutynyñ zharshysy. - 2019. - № 2 (19). - 170-174 b.
3. Abdraliev Zh.Zh., Sagidulla A. Tuys emes tilderde kyrdeli sözderdegi audarmalyқ transformacijalarydñ erekshelekteri // <https://cyberleninka.ru/article/n/tuys-emes-tilderde-k-rdeli-s-zderdegi-audarmaly-transformatsiyalaryd-erekshelikteri> (zhygingen kyni: 20.09.2024).
4. Smagýlova G.N. Diaspora men oralmandardynñ sөjleu tiliniñ erekshelekteri //QazYU

¹² 2022 жылы мақұлданған (Қараңыз: <https://termincom.kz/search/?termin>). Осы тектес «авиатургентство» деген сөздің «әуе турагенттік» деген баламасын «авиатургенттік» деп нақтылау қажет.

¹³ Сонда.

Habarshysy. - 2015. - №6 (158) // <https://articlekz.com/kk/article/23266> (zhýgingen kúni: 20.09.2024).

5. Abdulhanova M.A. *Təzhikstannan kelgen qazaqtardyn tilindegi fonetikalыq erekshelikter* // *Tiltanym.* - 2017. - №2. - 64-69 b. // <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/323/156?locale>. (zhýgingen kúni: 20.09.2024).

6. Omarbekova G.Ə. *Til zhəne zhahandanu: Oқu qıraly.* – Nұr-Sұltan: «Fastprint» baspasy, 2019. – 160 b.

7. *Zaңnama termindерiniң qazaқsha-orysssha, orysssha-qazaқsha sөzdigi (30 myңnan astam termin men tұraqty tirkester).* – Astana: «Qazaқstan Respublikasynuң Zaңnama instituty» MM, 2015. - 483 b.

8. Ajmāzambet A. *Infljacija uryq bermej tır* // <https://egemen.kz/article/326700-inflyatsiya-uryq-bermej-tur> (zhýgingen kúni: 20.09.2024).

9. *Orfografijalyq sөzdik* / Qұrast.: N. Uәliұly, A. Fazylzhanova, Q. Kyderinova, F. Ənes. – Almaty: Til bilimi instituty, 2007. – 480 b.

